

## Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 9 қарашадағы N 1444/24 қаулысы. Павлодар облысы Павлодар қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 27 қарашада N 99 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № 85/2 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 01.02.2016 № 85/2 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы өкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру және ұйымдастыру Ережесін іске асыру мақсатында қала әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1, 2 қосымшаларға сәйкес, қаржыландыру көздері және жұмысқа қатысушылардың еңбек ақысын төлеу мөлшері, қоғамдық жұмыстар көлемі, қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар тізбесі бекітілсін және қоғамдық жұмыстардың түрлері анықталсын.

2. қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру жұмыс берушілердің және жергілікті бюджеттің қаражатынан олардың тапсырыстары бойынша жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Павлодар қаласы жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органы жұмыс көлемдерін көрсетумен меншік нысандарға қатысты емес кәсіпорындармен және ұйымдармен қоғамдық жұмыстарды атқаруға келісім шарт жасасын және жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға жолдасын. Жұмыс түріне сәйкес Қазақстан Республикасының стандарттау, метрологиялау және құжаттандыру жөніндегі Комитеттің 1999 жылғы 16 қазандағы N 22 қаулысымен бекітілген сабақтарды жіктеу бойынша қоғамдық жұмыстарға жолдама жасасын.

**Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар қалалық әкімдігінің 2009.01.16 N 25/1 қаулысымен.**

4. Орындалған жұмыс актілері және жасалған келісім - шарттарға сәйкес, нақты атқарылған жұмыс уақыты үшін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбек ақысын төлеуге ақша қаражатын аудару, жергілікті бюджеттен жұмыс берушінің есеп айырысу шотына аудару жолымен жүргізілсін.

5. Павлодар қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 9 сәуірдегі "Павлодар қаласы

әкімдігінің 2001 жылғы 15 тамыздағы "Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру мен ұйымдастыру туралы" N 39/2 (2001 жылғы 20 қыркүйектегі МТН 879) қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 19 мамырдағы Павлодар облысының әділет басқармасында N 1804 болып тіркелген, 2003 жылғы 27 мамырдағы N 57 "Звезда Прииртышья" газетінде жарияланған N 213/9 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары В. А. Берковскийге жүктелсін.

*Павлодар қаласының әкімі*

*Б. Демеуов*

Павлодар қаласы әкімдігінің  
2007 жылғы 9 қарашадағы  
N 1444/24 қаулысына  
1-қосымша

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Павлодар қалалық әкімдігінің 2009.01.16 N 25/1 қаулысымен.**

## **Қоғамдық жұмыстардың түрлері**

1. Қала (шағынаудандар, ауылдық аймақтар, зират, қоқыс тастайтын жерлерді күзету және тағы басқалары) аумағын көріктендіруге көмек көрсету.

2. Тұрғын қорларына арналған жөндеу жұмыстары және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының аумағын жинауға көмек көрсету.

3. Тұтынушылар кооперативтерінің бау - бақша серіктестігін күзету.

4. Көп қабатты тұрғын үйлердің кірмелерін күзету.

5. Әлеуметтік бағыты бар, үкіметтік емес ұйымдардың, қайырымдылық көмек көрсету қорларының әлеуметтік - мәдени объектілерінде құрылыс және жөндеу жұмыстары, қосалқы жұмыстар.

6. Жолдарды жөндеу және салу.

7. Меншікті нысаны түріндегі өнеркәсіптік кәсіпорындарында қосалқы жұмыстар.

8. Жалғызбасты қарияларды және мүгедек адамдарды күту, сырқат адамдарға, оның ішінде мүгедек балаларға көмек көрсету.

9. Мәдени саладағы ауқымдық шаралар (Қыс қалашығын салу және басқада).

10. Әлеуметтік мәні бар аурулармен (нашақорлық, АҚТҚ/ЖҚТБ) ауыратын науқастармен және вирус жұқтырғандармен жұмыс жасайтын мекемелер мен ұйымдардың жұмысына көмек көрсету.

11. Балалардың демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету.

12. Санаққа, аралап өтуге, курьерлік жұмысқа, құжаттарды ресімдеуге қатысу

13. ДКК анықтамасы бойынша еңбекте шектеуі бар тұлғаларға қосалқы жұмыстар. Вахтадағы кезекшілік.

Павлодар қаласы әкімдігінің  
2007 жылғы 9 қарашадағы  
"Қоғамдық жұмыстарды  
қаржыландыру  
және ұйымдастыру туралы"  
N 1444/24 қаулысына  
2 қосымша

**Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру көздері және жұмысқа қатысушылардың еңбек ақысын төлеу мөлшері, қоғамдық жұмыстар көлемі, ұйымдар тізбесі**  
**Ұйымдар тізбесі**

1. Тендерлік комиссияның хаттамасына сәйкес қаланы көріктендіру жөніндегі тендерді жеңіп алған ұйымдар.

2. Медициналық ұйымдар (ауруханалар, поликлиникалар, отбасылық дәрігерлік амбулаториялар, жедел жәрдем станциялары және тағы басқалары) (келісім бойынша).

3. Әлеуметтік-волонтерлік орталық жастар қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша).

4. "Ридо" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

5. "Спортсервис" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.

6. "Кэмми" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

7. "Самал" оңалту орталығы" мүгедектердің қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша).

8. Павлодар қаласының мектепке дейінгі балалар мекемелері (келісім бойынша).

9. Тұрғын үй қорлары қызмет көрсетуші кәсіпорындар (меншікті пәтер тұтынушылық кооперативтері, өндірістік кооперативтер, жеке кәсіпкерлер және тағы басқалар) (келісім бойынша).

10. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің шаруашылық басқармасы" республикалық қазыналық коммуналдық кәсіпорынның Павлодар филиалы (келісім бойынша).

11. Бау-бақша серіктестіктерінің тұтынушылық кооперативтері: "Березка", "Весна", "Восточный", "Иртыш", "Клен", "Металлург", "Мелиоратор", "Надежда", "Нефтяник", "Огонек", "Реченька", "Северный", "Сосновый бор", "Энтузиаст", "Южный", "Яблонька", "Здоровье" (келісім бойынша).

12. Оқу мекемелері (колледждер, лицейлер, музыкалы, өнер, жалпы білім, спорт, техникалық, экологиялық мектептер) (келісім бойынша).
13. "Дом Шафера" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.
14. "Шаңырақ" қазақ ұлттық шығармашылық орталық" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.
15. Павлодар қаласы әкімінің "Қалалық бос уақыт өткізу орталығы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.
16. Павлодар қаласы әкімінің "Космос" жастар үйі мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.
17. "Десента" қоғамдық қоры (келісім бойынша).
18. Павлодар облысы мәдениет департаментінің "Павлодар облысы өнер мұражайы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны (келісім бойынша).
19. "Г. Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи - өлкетану мұражайы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны (келісім бойынша).
20. Павлодар облысы әкімінің "Павлодартелерадио" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны (келісім бойынша).
21. Павлодар облысының "Балалар және пионерлер ұйымдарының одағы" қоғамдық қоры (келісім бойынша).
22. "Павлодарлифт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).
23. "Бибі - ана" кәмелетке толмаған балалары бар мүгедек-әйелдердің Республикалық қоғамының Павлодар филиалы (келісім бойынша).
24. N 1 автобус паркі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.
25. Павлодар облыстық саңыраулар қазақ қоғамының ұйымы саңыраулар қазақ қоғамының орталық басқару филиалы (келісім бойынша).
26. "қазақстан мұсылмандар діни басқармасы" діни бірлестігі "Мәшһүр Жүсіп " Павлодар қаласы орталық мешіті (келісім бойынша).
27. "Би - логистикс" жабық акционерлік қоғамының Павлодар филиалы ( келісім бойынша).
28. "Гордострой" өндірістік - коммерциялық фирманың жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).
29. "Чернобыльдіктер, Ауған соғысы ардагерлерінің, мүгедектердің халықаралық одағы" заңды тұлғалар бірлестігі (келісім бойынша).
30. "Үміт" мүгедектер ерікті қоғамы" қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша).
31. "Достық телерадиокомпаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ( келісім бойынша).
32. Павлодар қаласы әкімдігінің, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Шымыр" дене шынықтыру - сауықтыру бассейні" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
33. "Жалғыздікті аналарды қолдау орталығы" қоғамдық бірлестігі (келісім

бойынша).

34. Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсты және тендерді жеңіп алған жеке кәсіпкерлер (келісім бойынша).

35. "Фирма Нива" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

36. "Павлодаршина" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

37. Павлодар облысының балалар және жастар ұйымдары қауымдастығы (келісім бойынша).

38. "Октябрь" зауыты жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)

39. "Құрылыс" атты құрылыс басқармасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

40. "Инструменталды зауыт 2000" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

41. "Вид Павлодар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

42. "Оптимист" қалалық мүгедектер қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша).

43. "Павлодар машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы (келісім бойынша).

44. "НИЛФЕ (Хильфе), тұтынушылар құқығын және қоршаған ортаны қорғаудың қазақстандық аймақтық мүгедектер қоғамы" аймақтық қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша).

45. "Успех плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

46. "Успех плюс С" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

47. "Павлодар қаласының трамвай басқармасы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша).

48. "ПВ - Мөлдір - Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

49. Павлодар қаласы әкімдігінің Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Орталық стадион" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.

50. "Үміт" мүгедек балалар және жасөспірімдердің ата-аналар лигасы" мүгедектердің қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша).

51. "Азимут - ПВ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

52. "Паритет рv" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

53. "AsMarMi company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)

54. "Вестник" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

55. "Ж. Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыкалық - драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

56. "АгроКормСервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

57. Павлодар қаласы әкімдігінің Павлодар қаласы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Қалалық коммуналдық шаруашылық" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

58. "Павлодар Имсталькон - метал құрастыру зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

59. "Асар ПВ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

60. "Максен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

61. "ОКС - Павлодар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)

62. "Горзеленстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

63. "Павлодартурист" акционерлік қоғамы (келісім бойынша).

64. "Павлодар облысы әкімдігінің, Павлодар облысы ішкі саясат департаментінің "Аналитикалық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша).

65. "Павлодар облысы әкімдігінің Павлодар облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қайырбаев атындағы спорттың ұлттық және халықтық түрлері бойынша балалар - жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша).

66. "Свет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

67. "Томирис" әйелдер клубы" қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша).

68. "Қызыл ай қоғамы" қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша).

69. 70. "А. П. Чехов атындағы Павлодар облысы драмалық театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

70. "Венера - асар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

71. "Надежда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

72. "Эдельвейс ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

73. "Цитадель" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша).

74. Қоғамдық жұмыстарды орындау жөніндегі жұмыс күшінің қажеттілігі туралы өтініш берген ұйымдар (келісім бойынша).

## **Қоғамдық жұмыстардың көлемі**

Әрбір қаржы жылына қоғамдық жұмыстардың көлемі халықты жұмыспен қамту Бағдарламасына сәйкес анықталады.

## **Қатысушылардың еңбек ақысын төлеу мөлшері және қаржыландыру көздері**

Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру көздері - қалалық бюджет қаражаты және олардың өтінімдері бойынша жұмыс берушілердің қаражаты.

Орындалатын жұмыс күрделілігі мен сапасына, санына байланысты қалалық бюджет қаражаты есебінен жұмысқа қатысушылардың еңбекақы мөлшері ең аз жалақының бір жарым есе төменгі мөлшерін құрайды.

Жұмыс беруші және жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органы арасында жұмыс беруші жағынан жасалған келісім-шартпен қаржыландыру үлесі анықталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК